

**ДӘУЛЕТТІҢ
АТЫН АЙТПАЙ
ШӘЙ
ІШПЕЙТІНМІН**

→2

**ҚАЗАҚ
ФУТБОЛЫН
ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ
КӨТЕРЕМІН!**

→3

**ИСПАНИЯ
ЛА ЛИГАСЫНДА
ОЙНАҒЫМ
КЕЛЕДІ**

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№5 (5356)
19 ақпан 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керекті жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты.



Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын

бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз.

Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

→4-5

GRAND SLAM-НАН ЕКІ ЖҮЛДЕ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЗЮДО КҮРЕСІНІҢ БАЛУАҒА АЛҒАШҚЫ ЖАРЫС КҮНІНЕН ЕКІ МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ.



Екі медаль да 60 келі салмақта бұйырды. Отандасымыз Бауыржан Нарбаев финалда украиналық Артем Лесюкке есесі кетсе, тағы бір жерлесіміз Мағжан Шамшадин қола медальға қол жеткізді. Оның жұбаныш финалындағы қарсыласы әзірбайжандық Карамат Гусейнов жарақатына байланысты татамиге шықпады. Сөйтіп, ол үшінші орын бұйырды.

Ерлер арасында 66 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Ғұсман Қырғызбаев та қола жүлде үшін күреседі. Оның қарсыласы Украина спортшысы Богдан Ядов болмақ.

Айта кетерлігі, 66 келіде татамиге шыққан Елдос Сметов жарыстың екінші белдесуінде қарсыласына жол берді.

АЙДОВАНЫҢ НӘТИЖЕСІ КӨҢІЛ ҚҰЛАЗЫТАДЫ



КОНЬКИМЕН ЖҮГРҮДЕН ҚАЗАҚСТАН КОМАНДАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ ДМИТРИЙ БАБЕНКО БЕЙЖІН ОЛИМПИАДАСЫНДА 1000 МЕТРДЕ БАҚ СЫНАҒАН ЕКАТЕРИНА АЙДОВА МЕН НАДЕЖДА МОРОЗОВАНЫҢ КӨРСЕТКІШІНЕ БАҒА БЕРДІ.

→2

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	- жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
	- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	664,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
	- жеңілдікпен жазылу	14190	686,25	2058,75	4117,50	8235,00
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

МИНИСТРЛІКТИҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «МӘДЕНИЕТ, АРХИВ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ САЛАЛАРЫНДА 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ МЕН 2022 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ. АЛҚАЛЫ ЖИЫНҒА ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ, ПАРЛАМЕНТ ПЕН ҮКІМЕТ ӘКІЛДЕРІ, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АРХИВТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМАЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АРХИВ САЛАСЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Ведомствоның мәдениет, архив ісі және баспа мәселелеріне арналған алқа отырысында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев ең алдымен саладағы былтыр атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ биылғы жоспарлар мен міндеттерді де атап өткен министр халықтың мәдени сұранысын толықтай қамтамасыз ету үшін тағы 300-ден астам нысан ашу қажет екенін айтты.

«Бүгінде елімізде 7 637 мәдениет нысаны жұмыс істеп тұр. Тағы да 300-ден астам мекемеге сұраныс бар. Мұндай қажеттілік, негізінен, ауылдық жерлерде. Дейтұрғанмен, салада жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар мұндай мекемелердің көпшілігі тұрғындардың талап-тілегін ескермей салынатынын айтады. Соның салдарынан салынған мекеме қаңырап бос тұрады. Сол үшін жоспарлаған кезде тұрғындар пікірін ескеру өте маңызды. Кейбір республикалық мәдениет ұйымдары ғимараттарының техникалық жағдайы төмен. Оған өзім куә болдым», деген министр осы ретте М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының бас корпусы, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы мен Республикалық академиялық неміс драма театры жөндеу жұмыстарын қажет ететінін атап өтті. Осыған орай салаға

жетекшілік ететін вице-министрге 35 мәдениет нысанының құрылысын және 265 нысанның жөндеуін бақылауға алуды тапсырды.

«Қазіргі уақытта 229 мемлекеттік архив жұмыс істейді. Осы ретте арнаулы типтегі мемлекеттік архивтер ғимаратына деген сұраныс өте жоғары. Ондай архивтердің үлесі бүгінде 14,7 пайыз. Сараптама жұмыстары республика бойынша 128 нысан салу қажет екенін көрсетіп отыр. Оған қоса «Е-Архив» жүйесінің негізгі сервері істен шыққан жағдайда жүйені резервтік серверлермен қамтамасыз ету мәселесін бақылауға алу керек. Сондай-ақ архив ісінің білікті мамандарын даярлау мәселесі айрықша назар аударуды қажет етеді. 2022 жылғы 1 қаңтардағы дерек бойынша архив мекемелерінің штаты 3 340 бірлікті құрады. Оның 8 пайызының ғана бейінді жоғары білімі бар», деді Д.Абаев.

Бұдан бөлек министр жүргізілген сараптама қорытындысы 2022-2026 жылдары 1 700-ден аса маман қажет екенін көрсетіп отырғанын айтты. Сондай-ақ ол мәдениет саласындағы қызметкерлердің әлеуметтік қамтылуын жақсартуға уәде берді.

«Әрине, саладағы ең өзекті мәселелердің бірі – мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік пакеті. «Ұлттық» мәртебесі бар мәдениет



ұйымдарының лауазымдық жалақыларына 1,75 коэффициенті түрінде қосымша ақылар мен үстемеақылар әзірлеу қажет», деді Дәурен Абаев ведомствоның кеңейтілген алқа отырысында. Министрдің айтуынша, шығармашылық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен концертмейстерлерінің жалақы мөлшеріне де назар аудару қажет.

Шығармашылық университеттерге ортақ мәселелерді баяндаған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Арман Жүдебаев білім беру саласындағы заңдардың кейбір нормалары шығармашылық жоғары оқу орындарының ерекшеліктеріне сай келмейтінін айтты.

«Скрипкашылардан, композиторлардан, әншілерден, дәстүрлі музыка мамандарынан, балет әртістерінен, колданбалы суретшілерден, актерлерден және басқа да шығармашылық кәсіп өкілдерінен ғылыми дәреже мен импакт-факторы жоғары мақалаларды

талап ету қисынсыз. Одан бөлек материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз екені де рас. Музыкалық аспаптар ескірген, шығармашылық шеберханаларға, оқу театрларына, студенттік оркестрлер мен хорларға, концерттік костюмдерге арналған арнайы жабдықтар да тапшы», дейді ректор.

Ал Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ президенті Ақан Сатаев киностудияның қазіргі жай-күйіне тоқталып, тапқан барлық қаражат жалақыға жұмсалып жатқанын айтты.

«Бүгінгі таңда заманауи жаңа техникаларды алып жатырмыз. Басқару құрылымын өзгерттік, ашықтықты арттырдық, қауіпсіздік қызметін құрдық. Үкіметтің қолдауымен газ жүргіздік, жалға беру табысын пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 400%-ға дейін көтердік. Біз барынша жұмыс істеп жатырмыз. Алайда студия тапқан барлық қаражат қызметкерлердің жалақысы мен әкімшілік-шаруашылық қажеттіліктеріне жұмсалады. Шынын айтқанда, өз

фильмдерімізді шығаруға да қаражат жеткіліксіз», деді режиссер.

Кеңейтілген алқа отырысында баяндама жасаған «Бозоқ» тарихи-мәдени музей-қорығының басшысы Сәуле Бөрібаева ел астанасында музей ашу перспективалары туралы айтты.

«2020 жылы музей-қорықтың қызметін жетілдіруге мүмкіндік беретін 24 нормативтік-құқықтық акт қабылданды. «Бозоқ» қалашығы ұлттық паркінің жобасы үлгісінде ребрендингтің әлеуеті бұл салада зор екенін көрсеткіміз келеді. Жоба еуразиялық дала өркениетінің алуан түрлілігі мен байлығын көрсетуді мақсат етеді», деген музей-қорық басшысы Бозоқ қалашығы мыңжылдық тарихтың көзі екенін еске салды.

«Тарихи нысанмен байланысты бұл жобаны инвестициялық әлеуеті зор. Энеолит дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі дала өркениетінің, мәдениеті мен этнографиясының сан түрлі қатпарын бойына сіңірген ғибадатханалар мен мәдени құрылымдар бар. Металлургия және қыш өндірісінің ежелгі технологиялық кешендері де бар. Соларды қалпына келтіру үшін 4 ғылыми тұжырымдама жасалды. Жобаның инвестициялық бағыты бойынша амфитеатр ашу көзделген. Шығыс базарының айлағы, отбасылық демалыс орталығы, биопарк салу ұсынылады», деді С.Бөрібаева.

Елімізде баспа ісі саласында нақты бір жүйе жоқ екенін айтып жүрміз. Кеңейтілген алқа отырысында осы мәселені Ұлттық кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов көтерді. Оның айтуынша, 2022 жылға арналған «Жылдың үздік кітабы», «Үздік жас қаламгер», «Балаларға арналған үздік шығарма» байқауларын өткізуге қосымша бюджеттік өтінімді нақтылау күтілуде.

АЙДОВАНЫҢ НӘТИЖЕСІ КӨҢІЛ ҚҰЛАЗЫТАДЫ



1

Ұлттық Олимпиада комитетінің баспасөз қызметіне берген сұхбатында ол командада алға жылжу байқалады деп отыр.

«Соңғы күндері, атап айтсақ, 1500 метрге жүгірген Морозова техникалық және физикалық тұрғыдан жақсара бастады.

Дайындық кезінде арқасында аздаған жарақаты болған. Елімізде жарақаттан толық жазыла алмадық. Олимпиадаға келген соң әріптестеріміз көмектесті. Кеше және алдыңғы күні оның уақыты жақсара түсті. Таңғалдым.

Бүгін ол біз күтпеген нәтиже көрсетті. Тап осы қашықтықта 11-орын алды. Секундтарды қарайтын болсақ, үшінші орын да алыс емес. Сондықтан, оның алға басқаны мені қуантады. Медальға таласа алатынын көрсетіп, үміт сыйлауда. Келесі Олимпиадаға бұдан да үлкен міндеттер қоюға


болады. Өйткені, жүлде алуымыз әбден мүмкін.

Ал Айдоваға келер болсақ, мұндағы жағдай қиындау. Оның кеңінен көсілуіне жарақаты мүмкіндік берер емес. Тізесінің ескі жарақаты әлі мазалайды. Спрингтен біздегі ең үздік осы Айдова еді ғой... Оның нәтижесі көңіл құлазытады. Десе де, бұл оның төртінші Олимпиадасы. Мұндай жарақатпен қысқы ойындарға қатысу оңай емес. Оның орнында басқа спортшы болғанда, күш таба алмай, спортпен баяғыда қоштасар ма еді?! Қайталап айтамын, Айдова жарайды.

Резервке келер болсақ, бізде өсіп келе жатқан буын бар. Соңғы кездері Алина Дауранова жақсы жағынан көзге түсіп жүр. Италияда өтетін келесі Олимпиадада қуантады деп ойлаймын», деді бас бапкер.

Бейжің Олимпиадасында 1000 метрге жүгіруден Надежда Морозова 11-ші, Екатерина Айдова 19-шы орын алды.

ТҮРКИЯДАҒЫ РЕЙТИНГІЛІК ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАТЫН БАЛУАНДАР ТІЗІМІ



24-27 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА ТҮРКИЯНЫҢ ЫСТАНБҰЛ ҚАЛАСЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН РЕЙТИНГІЛІК ТУРНИР ӨТЕДІ. АТАЛҒАН СЫНҒА ҚАТЫСАТЫН ГРЕК-РИМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМІ АНЫҚТАЛДЫ, ДЕП ЖАЗАДЫ OLYMPIC.KZ.

Турнирде бақ сынайтын балуандар тізімі:

55 келі: Нұрзат

Қабдырахимов, Амангелді Бекболатов, Марлан Мұқашев;

60 келі: Дастан Зарлыханов,

Ернұр Фидахметов, Айдос Сұлтанғали;

63 келі: Ержет Жарылқасын, Ғалым Қабдыназаров, Бағлан Жақанша;

67 келі: Сұлтан Әсетұлы, Данияр Қаленов, Мейіржан Шермаханбет;

72 келі: Әділхан Көкенов, Азат Садықов, Абылайхан Амзеев;

77 келі: Демей Жадраев, Тамерлан Шадукаев, Мақсат Ережепов;

82 келі: Илимдор Сатаев, Рахмет Сәпиев, Диас Қален;

87 келі: Мирас Баршылықов, Азамат Күстібаев, Нұрсұлтан Тұрсынов;

97 келі: Санжар Серікхан, Ислам Умаев;

130 келі: Антон Савенко, Әлімхан Сыздықов.

Қыдырбек РЫСБЕКҰЛЫ, спорт журналист:

ДӘУЛЕТТІҢ АТЫН АЙТПАЙ ШӘЙ ІШПЕЙТІНМІН

ЕЛОРДАДАҒЫ ҚАЖЫМҰҚАН МҰНАЙТПАСОВ АТЫНДАҒЫ ОЛИМПИАДА РЕЗЕРВИНДҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІНДЕ БЕЛГІЛІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТ ҚЫДЫРБЕК РЫСБЕКҰЛЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІН ЖАЗЫП ЖҮРГЕН ҚАЛАМГЕРГЕ САУАЛДАРЫН ҚОЙЫП, ПІКІР АЛМАСТЫ.

Қыдырбек Рысбекұлы журналистикадан бөлек басшылық қызметте жүргенде 2000 жылы дәл осы мектептің директоры болған. Оның тұсында Мерей Ақшалов, Бақытжан Қожабеков, Ілияс Сүлейменов секілді боксшылар, Досжан Кәртіков, Алматы Кебіспаев секілді балуандар да түлеп ұшқан.

Аталған кездесу оқушылар алдымен журналист ағаларынан туған жері, өскен ортасы туралы сұрады.

«Мен Ақмола облысының Теңіз ауданында дүниеге келдім. Егер патшалық Ресей мен Кеңес үкіметінің озбырлығы болмағанда солтүстіктегі қазақтың 90 пайызы үдере көшпес еді. Менің ауылыма қазақтың үлесі 20 пайыздан аспады. Біз қазақи тәрбие алдық», деді ол.

Қыдырбек Рысбекұлының өмірінде даңқты балуан Дәулет Тұрлыхановтың ролі зор. Екі құрдас сонау 80-жылдардың орта кезінен дос. Біреуі бозкілемде атой салса, екіншісі оның өнерін халыққа таныстырды. Кейіннен «Дәулет» атты кітап та жазып шықты.

«Дәулетпен 1986 жылдан бері араласамын. Бірінші кезекте мен Дәулеттің күресіне тәнтімін. Шәміл Серіковтен кейін ондай техникасы жетілген балуан көрген емеспін. 1988 жылы Сеул олимпиадасында кәрістер әділетсіздік жасағанын күллі ел көрді. Әйтпесе, Олимпиада чемпионы атанатын балуан. КСРО-ның жеті дүркін чемпионы атанды. Мұндай атаққа қол жеткізу өте қиын. 35 жылдан бері достығымыз үзілген



емес. Бір кездері тіпті Дәулеттің атын айтпай шәй ішпейтінмін. Сосын өзі туралы кітапты жазуды маған сенім тапсырды. Әйтпесе, ұсыныс айтқан жазушылар көп болды. Тек спорт туралы мақаламен ішкеліп жүрген маған сенім білдіруі зор құрмет болды», деді ағамыз.

Қыдырбек Рысбекұлы – «Қазақ балуандары», «Қазақ боксшылары», «Қазақ олимпиадашылары» жинақтарының идея авторы және құрастырушысы, «Қазақтың 72 бапкері», «Дәулет», «Сұрмерген», «Бекзат», «Құзға біткен қарағай», «Тұлпардың тұяғы», «Манап мектебі», «Берікқазы», «Тұрлықан Қасенұлы», сонымен қатар сиясы әлі кеппеген «Қазақтың 90 бапкері» кітаптарының авторы.

Республикалық «Жас алаш», «Егемен Qazaqstan» газеттерінің спорт шолушысы, «Ер Дәулет» агенттігінің директоры (1984-99). 1999 жылы ҚР Туризм және спорт агенттігінің баспасөз хатшысы, Қажымұқан Мұнайтыпасов атындағы республикалық спорт мектеп-интернатының директоры (2000-2006).

Сондай-ақ ол Оңтүстік Қазақстан облыстық спорт комитетінің төрағасы, республикалық спорт комитетінің орынбасары (2009), Алматы қысқы спорт мектебінің директоры, Алматы ат спорты мектебінің директоры секілді қызметтер атқарған.



Әділет БАРМЕНҚҰЛОВ:

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕМІН!



ӘР СПОРТ ТҮРІНІҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІГІ БАР. ДЕСЕК ТЕ ЖАНКҮЙЕРЛЕР ҮШІН ФУТБОЛДЫҢ ОРНЫ ҚАШАН ДА БӨЛЕК. СОДАН БОЛАР ФУТБОЛ БҮГІНДЕ НӨМІР БІРІНШІ СПОРТ ТҮРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ. БҮКІЛ ӘЛЕМ ЖАСТАРЫ ФУТБОЛ ДЕСЕ ІШКЕН АСЫН ЖЕРГЕ ҚОЯТЫНЫ ДА АНЫҚ...

ЕЛОРДАДА БИЫЛҒЫ АҚПАНЫҢ 28-І КҮНІ ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕПТІК-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТЕДІ. ОСЫ ЖИЫНДА ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНАДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ АЙМАҚТЫҚ ФЕДЕРАЦИЯЛАРДАН ҰСЫНЫЛЫП, ТІРКЕЛГЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ БЕСЕУГЕ ЖЕТТІ. ОЛАР: ӘДІЛЕТ НАЗАРБАЙҰЛЫ БАРМЕНҚҰЛОВ – ҚФФ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ, «ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗТБ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕҢЕСШІСІ, ЕРЛАН ЕРКІНБЕКҰЛЫ ЖАРЫЛҚАСЫНОВ – «ҚАЗАҚСТАН ӘУЕСҚОЙ ФУТБОЛ ЛИГАСЫ» ҚБ-НІҢ ТӨРАҒАСЫ, БЕРІК СЕРАЛЫҰЛЫ ҚАНИЕВ – ҚФФ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ, «LANCASTER GROUP KAZAKHSTAN» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ДАВИД ГРИГОРЬЕВИЧ ЛОРИЯ – НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗТБ ПРЕЗИДЕНТІ, ҚАЙРАТ АЙТМОЛДАҰЛЫ ОРАЗБЕКОВ – ҚФФ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ, «ҚАЙРАТ» АФК ПРЕЗИДЕНТІ.

КІМНІҢ БАҒЫ ЖАНАДЫ, ОЛ ЖАҒЫ АҚПАНЫҢ СОҒҒЫ КҮНІНДЕ АНЫҚТАЛАДЫ. РЕТІ КЕЛІП ТҰРҒАНДА ГАЗЕТ ТІЛШІСІ РЕТІНДЕ «ШАХТЕР» ФУТБОЛ КЛУБЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ ӘДІЛЕТ БАРМЕНҚҰЛОВПЕН КЕЗДЕСІП, ОТАНДЫҚ ФУТБОЛДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ СҰХБАТ ЖҮРГІЗГЕН ЕДІК.

– Әділет Назарбайұлы, Қазақстан футбол федерациясының президентігіне сайлауға түсуге не үшін өз келісімді бердіңіз?

– Мен үшін футбол өмірімнің баға жетпес бір бөлшегі. Футбол саласында 1988 жылдан бері жүрмін. Қандай және қайда еңбек етсем де, футбол командасынан ешқашан қол үзген емеспін. 2020 жылы федерацияға барып, футбол саласын қалай дамытуға болатыны туралы өз ойларымды айтып, ұсыныстарымды да нақты дәлелдермен баяндап бергенмін. Себебі, футбол мәселелеріне зерттеулер жүргізгенімде оның проблемалары тым тереңде жатқанын сезіп, білдім. Кәсіпқой менеджер ретінде айтсам, бүгінгі футболды түбегейлі өзгертіп, жаңа деңгейге көтеруге болатынына да көзім жетті. Қолға алған ісімді ойдағыдай жүзеге асыру үшін менің күшім де, ұзақ жылғы іс-тәжірибем де жететініне өз басым сенімдімін.

– Сіз ұзақ жыл өндірісте еңбек еттіңіз. Аты-жөніңіз де даулы мәселелерде кездеспеген жансыз. Ал федерация маңында сөз көп, үнемі осын садағына ілініп жатады. Осы жағы сізді ойландырмай ма?

– Дұрыс айтасыз. Мен еліміздің өндіріс саласында ғана емес, жеті жылдай мемлекеттік қызметте де еңбек еттім. Он жылға жуық еліміздің ең ірі тау-кен металлургия компаниясында қызмет атқардым. Мұнда мыңдаған еңбек ұжымын басқара жүріп, өндірістік жұмыстармен қатар жұмысшылардың әлеуметтік мәселелерін де шешуге тура келді. Жалпы кез келген жұмыстың өз қиындықтары болады. Сынан қорықпау керек. Қолға алған істің нәтижесіне қарау керек дегім келеді.

– Футбол саласы бойынша өз басыңыздан өткен қандай жобаны ерекшелеп айтар едіңіз?

– Менің футбол туралы жобаларымның қай-қайсысы да ыстық. Дегенмен, жанымға өте жақын болған біреуін атап өткенім орынды болар. Мысалы, 1998 жылы Алматы қаласында бір топ достар бірігіп, спортқа бейімі бар 12 мен 17 аралығындағы жастардың басын біріктірдік. Өзіңіз білесіз, ол кез жастар үшін ауыр кезең еді. Жастарды спортқа тартпасақ, олардың болашағы қалай болары бір Құдайға ғана аян. Себебі көпшілігінің отбасылық жағдайлары да ауыр болатын. Біздің жұмысымыздың дұрыстығын бағалаған «Цесна» корпорациясы қол ұшын созып, бірлесіп еңбек ете бастадық. Алдымен футбол мектебін құрдық. Балаларды жатақханаға орналастырып, тамақпен қамтамасыз еттік. Білікті, білімді жаттықтырушыларды шақырдық. Жастар командасы 2000 жылдан бастап бес жыл ішінде біраз биіктіктерді бағындырды. Швеция елінің Гетеборг қаласында өткен Gothia Cup жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирге барып, жеңіспен оралды. Қарап отырсам, жеті жыл ішінде 3000-нан астам бала футбол мектебінен шыңдалып, өмірге жолдама алған екен. Біздің мектеп, «Қайрат» футбол клубының негізгі тірегі болып қаланғанын да атап өткеніміз жөн. Сол кезде біздің футбол командаларымыз енді-енді Еуропаға шыға бастаған шағы.

Менің қуанатыным, спорт мектебінен тәлім-тәрбие алған жастардың дені футболшы болмаса да мына өмірден өз орындарын тапқандарына ризамын. Сол жастардың көпшілігімен күні бүгінге дейін араласып тұрамын. Олар әрдайым алғыстарын айтып отырады.

– Бүгінгі федерация президентіне деген көзқарасыңыз қандай?

– Өз ісінің білікті маманы ретінде Әділбек Жақсыбековті құрметтеймін. Ал федерация

президентігіне үміткер ретінде келісімді өзім бердім. Ешқандай да қолдаушым жоқ. Ол маған қажет те емес. Бар мақсатым – футболды жаңа деңгейге көтеру.

– Егер сайлауда жеңіске жетіп, федерация президенті болсаңыз, алғашқы қадамды қалай бастар едіңіз?

– Федерация президенті ретінде Қазақстан футболына қандай жаңалық әкелесіз дейсіз ғой? Мен өзімнің ұзақ жылғы жұмыс тәжірибем сүйене отырып, әрбір атқарылған жұмыстың тиімділігіне ерекше назар аударамын. Қолға алған істің нәтижесін көру үшін өз ісінің білікті, іскер мамандарын шақырамын. Барлық деңгейдегі менеджмент жүйесінің сапалы атқарылуын қадағалаймын. Футболдағы қалыптасқан жағдайды өте жақсы білемін. Осы уақыт ішінде аймақтық федерация, Қазақстан федерация департаменті, клубтар, лига, халықаралық сарапшылар және УЕФА мамандарымен бірлесіп отырып, отандық футбол мәселесі туралы кеңінен талқыланды. Оны дамыту жөнінде стратегиялық жоспарлар да дайындалды. Осы ретте айтарым, біздің елімізде футболды айтарлықтай дамыту үшін толық жағдай да, күш те, тіпті база да бар. Аталған стратегиялық бастаманы қолға алып, футбол индустриясын жүзеге асыруға өз басым құлшынып отырмын. Бұл да менің футбол федерациясына не үшін келетінімді айғақтап тұрған болар.

– Стратегиялық бағыттың негізгі міндеттеріне тоқталып өтсеңіз...

– Футболды дамыту жоспарына сәйкес менің жұмысым төрт блокпен тұрады: – спорттағы халықаралық нәтижелер; қазақстандық кәсіптік футбол – ол бизнес-индустрия; жас таланттарды дамыту; елімізде футбол ойынының мәртебесін асқарту.

Аталған іс-шараларды жүзеге асырудың уақыттары да нақтыланды: қысқа уақытта – екі жылға дейін, орташа жедел кезеңде – 5 жыл және стратегиялық – 2034 жылға дейін. Халықаралық спорттық нәтижелерді айтқанда бұл жерде футбол әлемінде ұлттық командалардың, Қазақстан мен аймақтық командалардың мәртебесін жоғары деңгейге көтеру қажет.

Футболды көтерудің тағы бір жолы – оны бизнес-индустриясына бейімдеу. Мұның жолы да кереметтей қиын емес. Яғни кәсіптік клубтарға өту керек. Мемлекеттік қаржыландырудан жекеменшікке өтуі тиіс. Әрине, бұл тез арада болмаса да жүзеге асатын талаптың бірі. Жоғарыдан нұсқау күтпей, меншік иелері футболға қаржы бөле отырып, шығарған шығынынан әлдеқайда жоғары табыс тауып отырса деген тілек. Сонан соң футбол ойнайтын талантты жастарға, әсіресе аймақтағы жастарға ерекше мән берілуі қажет. Себебі, еліміздің құрама командаларын да осы

аймақтың талантты жастары толықтырып отыратынын айтпасақ та түсінікті.

Аталған жағдайлардың бәрі орындалса, еліміздің футболы жаңа деңгейге көтеріліп, халық алдында танымал болатыны да анық.

– Осы уақытқа дейін футболды дамыту үшін көптеген стратегиялық жоспарлардың қолға алынғаны белгілі. Сіздің жобаларыңыздың жүзеге асатынына қаншалықты сенімдісіз?

– Келісемін. Бірақ ол жобалардың барлығы да қағаз жүзінде болғанын сіз де жақсы білесіз. Сондықтан менің түсінігімде футболға ойын деп қана емес, бизнес мағынасында қарау керек. Бұл дегеніміз мүлдем басқа жағдай. Мұнда әрбір ойынның тиімділігі мен нәтижесі ерекше назарға алынады. Осы ретте стратегиялық жоспар аз уақытқа емес, ұзақ мерзімге дайындалады. Сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін адамға білім мен біліктілік және төзімділік пен асқан күш керек. Тағы бір айтарым, атқарылатын жобаның барлығы да ашық, көпшіліктің назарында болғаны дұрыс. Сонда ғана халық ойынның нәтижелерін өз көзімен көре алады. Бағасын береді.

– Футболдағы жиі айтылатын жемқорлыққа тыйым салына ма?

– Менің ұсынған жобамда бірінші кезекте тәртіп бері жариялылыққа, ашықтыққа барынша мән беріледі. Мұнда жемқорларға мүлдем орын жоқ.

– Футбол жанкүйерлерімен байланысты қалай жүзеге асырасыз?

– Жанкүйерлер ең негізгі тірегіміз екені түсінікті. Сондықтан олармен үнқатысу арқылы байланысты нығайту ең негізгі міндеттеріміздің бірі. Футбол туралы ақпараттар кеңінен қамтылуы тиіс. Футбол – көңіл-күйдің мақтанышы, қуанышы және эмоцияның қайнар көзі десек те болады. Менің ойымша, футболға келген әрбір жанкүйер үйіне шаршап емес, демалып, қуанып қайтуы керек.

– Сіз басылық еткен тұста «Шахтер» командасы біраз белестерді бағындырып үлгерді. Осы жағына да тоқталып өтсеңіз?

– Алдымен клуб үшін сауатты стратегиялық жоспар құрылды. Ол әлі күнге дейін жүзеге асып жатыр. Ең негізгісі, төрт-бес жылдың ішінде қолға алған ісіміз өз нәтижесін бере бастады. Қысқа мерзім ішінде Қазақстан кубогының финалына дейін жеттік. Жоғары лигаға көтерілдік. Халықаралық тәжірибеден өттік. Келешекте «Шахтер» ұжымы еліміздің ең мықты командасы болатынына сенімдімін.

Мәулетхан БАРСАҒАЗЫҰЛЫ,
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ШЫРАЙЛЫ ШЫҒЫСТЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІ АРАСЫНДА СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ КЕҢІНЕН ТАРАЛҒАН, ЯҒНИ, ҚАМТЫЛҒАН ДЕСЕМ ҚАТЕЛЕСПЕС ЕДІМ. ӨЙТКЕНІ, ҚЫЗМЕТ ІСТЕЙТІН ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ №20 ОРТА МЕКТЕБІ ӨЗІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖЫЛДАР БОЙЫ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ АТҚАРЫП, БАРЛЫҚ ҚАЛАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСЫП, НӘТИЖЕЛІ ОРЫНДЫ ИЕЛІНІП КЕЛЕДІ. МЕКТЕБІМІЗДІҢ ДИРЕКТОРЫ БАЗАРБЕК ОМАРҒАЛИҰЛЫ САДЫҚОВ АТАЛМЫШ БІЛІМ ОРДАСЫНДА БАСШЫ ҚЫЗМЕТТІ АТҚАРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, СПОРТҚА ДА ЗОР КӨҢІЛ БӨЛУДЕ.

Атап айтқанда, спорт алаңдары мен спорт залына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектебіміз спорттық құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу жоғары деңгейде. Оған негіз ретінде жыл бойы өткізілетін спорттық іс-шараларды атап өткен орынды болар.

«...Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаттары арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы тиіс. Оның басына чемпиондар шықса, оның

негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз. Бұл бағытты заңнамалық тұрғыда жалғастырып, бұқаралық спортты дамытуда кешенді бағдарлама қабылдау керек», деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Мектебімізде жыл басында тұрақты «Ашық есік күні» – спорттық іс-шарамен, яғни, денсаулық күнімен басталады. Бұл күнде әр ата-ана мектепке келіп, мектепте қамтылған тегін спорттық секцияларға (волейбол, футбол, гандбол) балаларын жазып, олардың қатысуына рұқсат қағаздарын беріп, толық қатысуларын қамтамасыз етеді. Бұл секциялар қыркүйек айынан бастап маусым айына дейін тегін жүргізіледі. Осы ашық есік күні



эстафеталық жарыстар мен марафон өткізіледі. Толық мектеп оқушылар мен ұстаздары қамтылады.

Жыл көлемінде қалалық жарыстарға қатысу үшін мектепшілік мектеп лигасы аясында іріктеу жүргіземіз. Құрама командалар жыл көлемінде волейбол, баскетбол, футбол, жеңіл атлетика, гимнастика, хоккей, шаңғы спорты, үстел теннисі, тоғызқұмалақ

түрлерінен қалалық жарыстарға қатысады.

Соңғы жылдары пандемия оқушыларымыздың өмір салтына өзіндік түзетулер енгізді. Балалар өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығына қамқорлық жасаудың қаншалықты маңызды екенін түсіне бастады. Өткізіліп жатқан іс-шараларға жауапкершілікпен қарап өз

денсаулықтарын сақтап, өзгенің денсаулықтарына да қамқорлық жасай отыра жұмыс жүргізуде.

Гүлнафис НҰРХАБАНОВА,
Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Өскемен қаласы

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР,

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan»

← 1

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– **Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбітелмей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегін сырқырап қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?**

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрылды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– **Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?**

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз керек.

– **Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?**

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы қарақшылар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру керек. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге көрегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып



тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– **Сіз Владимир Путинге қонырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?**

– Өкінемін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– **Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...**

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– **Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...**

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– **Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себеп белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?**

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Тенсіздік белең алуда. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге

міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– **Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?**

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– **Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?**

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орындар болады.

– **«Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастама бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге

болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыптасқан үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– **Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?**

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлттымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масыялықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар кара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірте-бірте қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– **Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» делдіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарының**

ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

ҰЛТТЫҚ арнасына берген сұхбаты

мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қантар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойына не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетін» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық. Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жариялаудым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуға, көпшілік, әсіресе кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекес, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды

мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуға. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшу де емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

– Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Тұрасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуы ең басты, орынға қоюы қажет. Бауқатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жасқы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім

айта алмас. Сондай-ақ ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі дастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

– Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінібейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазаққа «Өткен іске өкінебе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарыма қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, спортшыларға не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиеті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

Әнгімелескен
Жайна СЛАМБЕК,
журналист

Асылжан ЖАМАНҚҰЛ,

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:

ӨҢІРІМІЗДЕ 5 МЫҢНАН АСА БАЛА СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯЛАРМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

ЖАҚЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНА ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. БҰЛ МІНДЕТТІ ЕНДІ АСЫЛЖАН ЖАМАНҚҰЛ АТҚАРАДЫ. АСЫЛЖАН ЗҰЛФҚАРҰЛЫ ГАЗЕТІМІЗГЕ ӨТКЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ АЙТТЫ.



– Жақында ғана жаңа қызметке кірістіңіз. Ісіңіз өнімді болсын! Алдағы уақытқа жоспар да құрып үлгерген шығарсыздар. Дегенмен алдымен өткен жылды қорытындылап алсақ.

– Құттықтауларыңызға рақмет. Өңірде 280 432 адам дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданып, облыс тұрғындарының 34,0 пайызын құрады (2020 жылы 31,3%). 138 елді мекендегі 282 спорт нұсқаушының бақылауымен 42 мың өңір тұрғындары дене шынықтырумен тұрақты түрде шұғылданады.

2021 жылы 1322 бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 123 367 адам қатысты.

Оның ішінде 13 Қазақстан чемпионаты мен кубоктары, 29 республикалық, 3 халықаралық турнир, 111 облыстық біріншілік өткізілді.

Дене шынықтыру және спорт саласының негізгі көрсеткіші «Халықты спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жағдайында» 1000 адамға арналған спорттық алаңдар санының көрсеткіші» облыс бойынша 2021 жылдың қорытындысымен 40,8 пайызға жеткізілді (2020 жылы 37,5%).

2020-2021 жылдарға мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 12 жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарланды. Өткен 2020 жылы 5 жоба (Қызылорда қаласы Сәулет мөлтек ауданы, Қазалы ауданы Өйтеке би кенті, Жаңақорған ауданы Сунакаби мен Қожақент а/о спорт кешені мен Жаңақорған кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу), 2021 жылы 6 жоба (Жаңақорған ауданы Төменарық, Қандөз, Өбдіғалп, Жаңарық, Бірлік а/о және Шиелі ауданы Керделі а/о спорт кешенін жалға алу спорт кешенін жалға алу) іске қосылып, жаңа жұмыс орындарымен қамтылды. Алдағы уақытта қалған бір жобаны іске асыру жұмыстары жалғасын табатын болады.

– Спортшылардың жетістіктері жайлы да айтып өтсеңіз...

– Спортшыларымыз ҚР чемпионаттары мен кубоктарында 1037 (330 алтын, 297 күміс, 410 қола) медаль жеңіп алса, әлем және Азия чемпионаттарында 123 (48 алтын, 26 күміс, 49 қола) медальге қол жеткізді.

Жыл көлемінде 3 ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 83 ҚР спорт шебері, 497 ҚР спорт шеберлігіне кандидат, 93 І спорттық разрядты спортшы дайындалды.

– Тұрғындардың дене шынықтыру және спортпен айналысуына қандай жағдай жасалды?

– 2021 жылдың қорытындысы бойынша өңірде дене шынықтыру

және спортпен жүйелі түрде шұғылданытын облыс тұрғындарының саны 280 432 адамға жетіп, 34 пайызды құрап отыр. Биыл осы көрсеткішті 38 пайызға жеткізу міндеті тұр.

Ол үшін дене шынықтыру және спорт саласының негізгі көрсеткішінің бірі – «Халықты спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жағдайында» 1000 адамға арналған спорттық алаңдар санының көрсеткіші» облыс бойынша 2021 жылдың қорытындысымен 40,8 пайызға жеткізілді, алдағы міндет осы көрсеткішті 2022 жылы 42,0 пайызға жеткізу.

Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында 2021 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 спорт кешенінің (Арал ауданы Қамыстыбас және Аманөткел ауылдары, Қазалы ауданы Пірұмар ауылы, Қармақшы ауданы, Жосалы және Жалағаш ауданы, Жалағаш кенттері) құрылыс жұмыстары басталды. Аталған спорт кешендері 2022 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен Қызылорда қаласы Ақмешіт мөлтек ауданынан «NAMAN ATA» спорт кешені бой көтерсе, Жалағаш ауданы Жалағаш кентінен жүзу бассейні және Аққұм мен Бұқарбай батыр ауылдарындағы спорт кешендері спорттық секциялармен қамтылып, пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар «Самұрық» корпоративтік қорының демеушілігімен Қызылорда қаласы Ж.Махамбетов ауылдық округінен көпфункционалды спорт кешенінің құрылысын салу жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы «Нұрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис корты және байдарка және каноэ есу базасының құрылыстары аяқталды.

– Өңірде балалар спорты кенде қалып жатқан жоқ па екен?

– Сыр бойында балалар спортына да баса мән беріліп келеді. Осы мақсатта спорттық секциялар желісін барынша дамыту қолға алынған.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, қолға алынған жан басына қаржыландырудың мемлекеттік спорттық тапсырыс жобасына 2021 жылға 212,7 млн теңге қаражат бөлініп, 2324 бала спорттық секциялармен қамтылған болатын.

Осы жобаға 2022 жылы бөлінетін қаражат 638 млн теңгеге көбейіп, биыл 5 мыңнан аса баланы өздері таңдаған спорт түрлері бойынша спорттық секциялармен қамту жоспарлануда.

Облыстық спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбелік жоспарына сәйкес 2022 жылы республикалық, халықаралық деңгейде 70-ке жуық іс-шара, облыстық деңгейде 130-дан аса іс-шара өткізу жоспарлануда.

Спорт түрлерінен әлем, Азия және Қазақстан Республикасының чемпионаттарына спортшылардың (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі) дайындығы мен қатысуын қамтамасыз ету және барынша жүлделі орындар алуына жағдай жасау үшін еңбек ететін боламыз.



ҚЫЗЫЛОРДА СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫ

СИБИРЯК ИЗ «КАЙРАТА»

В ЭТОМ НОМЕРЕ ГАЗЕТА «СПОРТ» ВСПОМИНАЕТ ЛЕГЕНДАРНОГО ФУТБОЛИСТА СОВЕСТКОЙ ЭПОХИ АНАТОЛИЯ ЧЕНЦОВА. ЕГО ИГРЫ В СОСТАВЕ "КАЙРАТА" 60-Х СТАРОЖИЛЫ ХОРОШО ПОМНЯТ ДО СИХ ПОР.

Мастер спорта СССР, яркий форвард Анатолий Ченцов первым из томских футболистов был приглашен в высшую лигу советского футбола и несколько лет успешно выступал за "Кайрат" (Алма-Ата), играл в полуфинале Кубка СССР. На его счету около 40 забитых мячей за Томск, в том числе и легендарный кубковый гол в ворота московского "Торпедо". После завершения футбольной карьеры Ченцов несколько лет был главным тренером футбольной команды "Томлес", работал наставником в других командах мастеров второй лиги". (Официальный сайт ФК "Томь")

Студента транспортного института, приехавшего из Горно-Алтайска в Томск, местные тренеры заметили сразу. Технический, агрессивный, креативный, может взять игру на себя.

"По большому счету, – вспоминал позже сам Анатолий Терентьевич, – мы росли, как полынь-трава, ежедневно гоняли мяч до самозабвения, в куче мала тридцать человек на тридцать. Лишь в год отъезда в Томск я захватил в Горно-Алтайске какое-то

подобие организованных соревнований среди юношеских команд".

Его футбольному примеру последовал и Володька – младший брат. "Сибэлектромотор" с братьями Ченцовыми в составе выбыл из кубка динамовцев Киева, дал бой московским автозаводцам, выступавшим в первой группе класса А. Анатолия, забившего торпедовцам гол, сам Виктор Маслов, легендарный Дед, позвал в свою команду. Но этот вызов, как и приглашение рижской "Даугавы", московского "Локомотива", воронежского "Труда", остались без ответа. А вот предложение "Кайрата" братья приняли.

Дело было так. После того, как суд приговорил Эдуарда Стрельцова к реальному сроку в колонии, в стране началась кампания "обличения" нравов футболистов. Попал под неё и Анатолий Ченцов, который защитил на улице женщину от хулиганов. Это рассмотрели в Томске, как ЧП. За ту драку футболиста дисквалифицировали на год. Позже он так и не нашёл общего языка с руководством



Анатолий Ченцов, чья жизнь – яркий пример беззаветного служения футболу

команды и принял предложение "Кайрата". Вместе с ним уехал в Алма-Ату и брат Владимир.

Пять сезонов в "Кайрате" стали для Анатолия настоящей школой.

"Учиться и переучиваться пришлось досконально, – говорил Анатолий в интервью томским журналистам. – Я-то думал, что и московское "Торпедо" немного бомбил, и Киев. А выяснилось, что играть-то я совсем не умею".

Николай Глебов, тренировавший тогда алма-атинцев, предпочтение отдавал творческим личностям. Опытный тренер отвёл Анатолию Ченцову созидательную роль в средней линии.

"От этого я получал огромное удовольствие, – впоследствии вспоминал Ченцов. – Научился играть красиво". В составе "Кайрата" он провёл 124 игры и забил 7 голов. Как-то Глебов сказал Анатолию: "Жаль, что ты попал ко мне уже в 28 лет. На пяток лет бы пораньше, я бы тебя до уровня сборной довести мог".

– Это был бесценный футболист своего амплуа, – рассказал недавно Диас Омаров, игравший с Ченцовыми нескольких лет. – Анатолия уважали за открытость, эрудированность, стремление повести за собой

товарищей. Владимир был помятче, пластичный, с хорошим пасом. Помню, как он вышел на замену в матче с ереванским "Спартак" и помог команде не проиграть. Владимир долго в "Кайрате" не задержался. Поиграв пару сезонов, вернулся в Томск, стал тренером.

– Все положительные эпитеты, какие есть, можно адресовать братьям Ченцовым, – говорит другой кайратовец 60-х Умербек Бекпосынов. – С этими ребятами можно было хоть разведку идти. Порядочные, честные, на поле они были бойцами. Особенно Анатолий, отличный диспетчер с приличной скоростью. Когда они выходили в паре с Олегом Мальцевым, защитники соперников не знали, что делать с этими быстроногими кайратовцами.

Сам Ченцов-старший сравнивал "Кайрат" тех лет с тиграми, которых выпускали из тоннелей. Нравился ему красивейший стадион, где 30 000 болельщиков неистово гнали команду вперед. Памятен 1963-й год, когда "Кайрат" дошел до четвертьфинала Кубка СССР. В том же сезоне алма-атинцам не хватило всего одного очка, чтобы попасть в финальную часть союзного первенства. А ведь могли бы рассчитывать на место в шестёрке лучших.

Анатолием Ченцовым заинтересовались во французском клубе "Реймс", но в то время такие трансферы, по известным причинам, даже не рассматривались и дальше разговоров дело не пошло. А в 66-м у руля "Кайрата" встали другие руководители, усидевшие 32-летнего Ченцова на лавку.

Как он мог с этим согласиться? Уехал в Томск, играл во второй группе класса А. Через полтора года перебрался в карагандинский "Шахтёр", горняки тогда играли в первой лиге. Закончил карьеру футболиста в 40 лет. Тренировал команды Томска, Темиртау, Джезказгана и других городов...

Таким он был, Анатолий Ченцов, чья жизнь – яркий пример беззаветного служения футболу.

Скончался в Томске 11 марта 2006 года на 72-м году жизни похоронен там же.

На доме в переулке Плеханова, где он жил вместе с братом с 1958 по 2009 годы, в 2014 году установлена мемориальная доска.

Алим АНАПЬЯНОВ



На переднем плане кайратовец Анатолий Ченцов

ЗИМНИЕ ИГРЫ

В ПОСЁЛКЕ НУРА В МИНУВШИЕ ВЫХОДНЫЕ ПРОШЛА СПАРТАКИАДА «КАРЛЫ ҚЫС». В НЕЙ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ СЕМЬ КОМАНД ИЗ КРУПНЫХ СЁЛ НУРИНСКОГО РАЙОНА

Они соревновались в игре в хоккей с шайбой, беге на коньках, лыжной эстафете и зимнем многоборье.

– Районная спартакиада организована для популяризации зимних видов спорта и пропаганды здорового образа жизни. В ней приняли участие семь команд. В каждой было более 30 участников. Хоккей с шайбой и бег на коньках провели на хоккейном корте школы имени Магжана Жумабаева. А лыжная эстафета и зимнее многоборье прошли на стадионе «Нура», – рассказал и. о. руководителя отдела физической культуры и спорта Самат Усенбеков.

Участников оценивали независимые судьи. По количеству очков они определили трёх победителей. Третье место заняло село Тассуат, набрав 35 баллов. Вторыми с 39 очками стали игроки из Кертинди. Первого места удостоилась команда посёлка Нура. Она набрала 54 балла.

ПОХОД НА ЕВРОПУ

СПОРТСМЕН ИЗ МАНГИСТАУ НУРКЕН ДОМБАЕВ ЗАНЯЛ ТРЕТЬЕ МЕСТО НА ОТКРЫТОМ КУБКЕ ЕВРОПЫ ПО САМБО В МИНСКЕ.



Он выступал в весовой категории 58 килограммов, также как и другой наш земляк – обладатель бронзы Нурдаулет Аймбетов. Как уточнили спортсмены, Нуркен Домбаев занимается спортивным самбо, а Аймбетов – боевым.

Нуркену Домбаеву – 32 года. Он известный в Мангистау спортсмен, ему удавалось пять раз выигрывать первое место на чемпионате Казахстана по самбо. Это дало ему возможность поехать на кубок мира, который состоялся в Москве в марте 2021 года. Там он стал бронзовым призером.

Для справки:
В боевом самбо можно наносить удары ногами и руками, делая разные приемы – удержание противника, броски, болевое воздействие, иногда даже удушение. В спортивном самбо удары и физическое воздействие запрещены.

ВНЕ ИГРЫ

КАЗАХСТАНСКАЯ ШОРТ-ТРЕКИСТКА ОЛЬГА ТИХОНОВА ВЫСТУПИЛА В ЧЕТВЕРТЬФИНАЛЕ НА ДИСТАНЦИИ 1500 МЕТРОВ НА ОЛИМПИАДЕ-2022, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ.

Тихонова была представлена в третьей группе вместе с еще пятью спортсменками. Казахстанка финишировала четвертой с результатом 2:23.48. При определенных раскладах с этим временем она претендовала на выход в полуфинал.

Однако после видеопросмотра казахстанка получила дисквалификацию за контакт с соперницей и завершила борьбу за медали.

В Пекине-2022 Тихонова заняла 24-е место на дистанции 1000 метров, а также стала пятой в смешанной эстафете.

ГОЛОВКИН ВЫХОДИТ НА РИНГ

ПОЯВИЛИСЬ ПОДРОБНОСТИ ПО ОБЪЕДИНИТЕЛЬНОМУ ПОЕДИНКУ В СРЕДНЕМ ВЕСЕ МЕЖДУ ЧЕМПИОНОМ МИРА ПО ВЕРСИЯМ IBF И IBO КАЗАХСТАНЦЕМ ГЕННАДИЕМ ГОЛОВКИНЫМ (41-1-1, 36 КО) И ОБЛАДАТЕЛЕМ ПОЯСА WBA SUPER ЯПОНЦЕМ РИТОЙ МУРАТОЙ (16-2, 13 КО).

По информации RingPolska, бой состоится 2 или 9 апреля на вечере бокса в Сайтаме (Япония). Причем изначально поединок должен был состояться еще в декабре, однако был отложен из-за закрытия границ японскими властями.

"Несколько недель назад промоутеры Мураты уже отправили запрос в японскую комиссию по боксу на получение разрешения на проведение мероприятия в первом месяце второго квартала. Головкин уже начал тренировочный сбор и должен прибыть в Японию в середине марта, потому что весь его штаб должен будет пройти карантин", – пишет издание.

Последний раз Головкин выходил на ринг в декабре 2020 года, когда в США нокаутировал поляка Камила Шеремету (21-1, 5 КО), и в рекордный, 21-й раз, защитил титул чемпиона мира.

35-летний Мурата отсутствовал еще дольше - в декабре 2019 года он успешно защитил свой титул в бою против Стивена Батлера (28-3-1, 24 КО).



ЮНИОРЫ НА РИНГЕ

В НУР-СУЛТАНЕ СОСТОЯЛСЯ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ТУРНИР ПО БОКСУ СРЕДИ ЮНИОРОВ 2008–2013 ГОДОВ РОЖДЕНИЯ. ИЗ УЛЫТАУСКОЙ РАЙОННОЙ ШКОЛЫ В СОРЕВНОВАНИЯХ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ 12 СПОРТСМЕНОВ, И ВСЕ ОНИ ЗАНЯЛИ ПРИЗОВЫЕ МЕСТА, СООБЩАЕТ САЙТ АКИМТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

– Сначала думали, что на эти соревнования мы повезём только двух спортсменов. Но на тренировке все 12 ребят показали свою готовность. Тогда я решил взять всех на этот турнир. И все мои ученики заняли призовые места. Это не только моя победа, это победа всего нашего района, – сказал тренер Темирлан Конырбай.

Так, первые места в своих весовых категориях заняли улытаусцы Елжас Боранбай (24 кг), Нурсултан Сералы (28 кг), Арсен Касымханулы (32 кг), Асет Сайлау (34 кг), Ералы Куаныш (44 кг) и Магжан Кадыр (42 кг). Вторыми стали Аллаберген Бахрам (22 кг), Ерсултан Боранбай (34 кг) и Жанарыс Бейсалы (36 кг). И на третью ступень пьедестала почёта поднялись Нурзат Максуд (24 кг), Нурым Бахытжан (28 кг) и Ералы Бекшиш (48 кг).





Владимир СМІРНОВ:

НУЖНО СДЕЛАТЬ ПРАВИЛЬНЫЕ ВЫВОДЫ



В КИТАЕ БЕЛАЯ ОЛИМПИАДА ПЕКИН-2022 УЖЕ НА ФИНИШНОЙ ПРЯМОЙ. ЭТО ВОСЬМЫЕ ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ В ИСТОРИИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА. ЗА 30 ЛЕТ В АКТИВЕ СТРАНЫ ИМЕЮТСЯ 8 ОЛИМПИЙСКИХ МЕДАЛЕЙ В ЗИМНИХ ВИДАХ СПОРТА, ПРИЧЕМ, ЧЕТЫРЕ ИЗ НИХ ПРИНАДЛЕЖАТ ОДНОМУ АТЛЕТУ – ЛЕГЕНДАРНОМУ КАЗАХСТАНСКОМУ ЛЫЖНИКУ ВЛАДИМИРУ СМІРНОВУ. ВЕТЕРАН СПОРТА ПРИНИМАЕТ УЧАСТИЕ И В НЫНЕШНИХ ИГРАХ, НО УЖЕ В ДРУГОМ КАЧЕСТВЕ. ВЛАДИМИР СМІРНОВ СОСТОИТ В КООРДИНАЦИОННОЙ КОМИССИИ МОК, И ПРИНИМАЛ УЧАСТИЕ В ПОДГОТОВКЕ ОЛИМПИЙСКИХ ТРАСС ДЛЯ ЛЫЖНЫХ ГОНКОВ, БИАТЛОНА, ПРЫЖКОВ НА ЛЫЖАХ С ТРАМПЛИНА, ГОРНОЛЫЖНОГО И САННОГО СПОРТА, КОНЬКОВЫХ ВИДОВ СПОРТА.

В ИНТЕРВЬЮ РЕДАКЦИИ ОЛИМПИЙСКИЙ ЧЕМПИОН (1994) ДАЛ ОЦЕНКУ ОРГАНИЗАЦИИ НЫНЕШНИХ ИГР, ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ВЫСТУПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКИХ СПОРТСМЕНОВ И РАССКАЗАЛ О СВОЕМ МНЕНИИ КАСАТЕЛЬНО ПРОБЛЕМ В СПОРТЕ И ПУТЯХ ИХ РЕШЕНИЯ.

– Владимир Михайлович, поделитесь впечатлениями от Олимпиады-2022. Что запомнилось в эти дни?

– Прежде всего, хочу отметить, что Олимпийские игры проходят на очень высоком уровне. Организаторы построили спортивные объекты высшего класса, они соответствуют абсолютно всем критериям и нормам. Это и лыжные гонки, и горные лыжи, санный, бобслей, и технические виды лыжного спорта, коньки и шорт-трек и все другие виды спорта. Проведение в Пекине зимних Олимпийских игр всех где-то и ошарашило, потому что никто не знал на каком уровне они смогут их провести. Но вот уже прошли практически две недели, и я могу с большой уверенностью сказать, что уровень наивысший.

– Вы следите за выступлениями наших атлетов в Пекине. Как бы Вы оценили результаты команды на сегодняшний день?

– Конечно, жаль, что наша команда до сегодняшнего дня не завоевала ни одной медали и результаты немного плачевные. С другой стороны, эти результаты были ожидаемы, потому что есть анализ Кубков мира, предыдущих сезонов, который как раз так и нам говорил, что, в принципе, надеяться на нас можно было, за исключением могула и шорт-трека. Небольшую надежду давали конькобежцы. А всё остальное – главное участие. Основную задачу, я думаю, казахстанская делегация сделала. То есть была представлена во многих видах спорта. Неплохо ребята выступают, показывают нашу страну, показывают наши возможности, культуру. С другой стороны, конечно, жаль, что некому подняться на пьедестал почета. Но я всё-таки надеюсь, что в ближайшее время появится новая надежда, новые таланты, которые смогут уже на ближайших Олимпиадах завоевывать медали для Казахстана. Но Казахстану самому нужно немного стараться искать эти таланты, они сами по себе не поднимаются. Нужно искать, нужно новые инвестиции делать, нужно новые виды спорта открывать, нужно массовость раскручивать. Для того, чтобы мы могли просеивать спортсменов, которые есть, и среди них искать индивидуальность и таланты. Без этой кропотливой работы у нас никогда не будет надежд на медали. А эту работу обязательно нужно делать.

– По Вашему мнению, с чего следует начать эту работу?

– У нас есть зима, но нам не хватает хорошей организованности, структуры спорта, которую нельзя просто взять и сделать за два года. У нас постоянно что-то меняется. Для того, чтобы спорт высших достижений развиваться в стране, нужно сделать хороший анализ, нужно задачу поставить каждой области – в какой области и какие виды


спорта будут. Необходима хорошая программа, которая выполнялась бы планомерно из года в год. Для всего этого, естественно, нужны новые финансы, новые спортивные объекты, поменять соревновательный календарь. Его нужно сделать больше международным, потому что, когда мало конкуренции – очень тяжело находить талантов. Конкуренцию нужно постоянно повышать. Для этого нам нужно и самим организовывать спортивные мероприятия, и выезжать очень часто, особенно в близлежащие республики. Что нам мешает делать хоть и не единый, но очень близкий календарный план с Россией, где очень развиты зимние виды спорта. И не обязательно, чтобы это были основные составы, имеются ввиду и молодежные, юношеские мероприятия. У них большая культура, у нас большая культура, мы соседи, дружественные страны. Беларусь сюда можно пригласить, чтобы объединено все это было. Развивать нужно именно детско-юношеский, студенческий спорт. Но для этого еще раз говорю, нужна хорошая программа, нужны талантливые люди, которые могли бы эту программу разработать и ее потом внедрять. А в этом я вижу, что у нас немного слабовато в стране. У нас такая страна, такие возможности, но жаль, что такие простые идеи, как развитие большого спорта, мы воплотить не можем.

– В олимпийском спорте постоянно появляются новые дисциплины, мы видим и соблюдение гендерного баланса, и акцент на молодежные виды спорта. Как Вы думаете, какие тенденции развития в зимних олимпийских видах спорта?

– Спорт сегодня развивается в нескольких направлениях. Нам обязательно нужно сохранить те традиционные виды спорта, как лыжи и коньки, фигурное катание, горные лыжи. И при этом дать место и возможность показать новые, молодежные виды спорта. Фристайл-могул и акробатика – это уже новое влияние спорта. Шорт-трек тоже недавно только пришел в наши виды спорта. Обязательно нужно сохранить старое и понемногу подключать всё больше новых видов спорта. Это баланс, хорошая гармония между старой традицией и современным, молодежным спортом. Он всегда будет присутствовать в олимпийском движении.

– Что, по Вашему мнению, нужно сделать, чтобы родители заинтересовались и стали отдавать детей в секции зимних видов спорта?

– Родители не боятся отдавать детей в секции, они делают это с удовольствием. Я не считаю это проблемой. Нужно просто предоставить возможность, чтобы доступность была для каждого ребенка. Не только для тех, у кого родители могут себе это позволить, у кого достаточно финансов.



Но, и чтобы простой человек, простые родители могли своего ребенка отдать в секцию. Проблема сегодняшнего дня – все становится платным. А в этом случае, выбор могут позволить себе те, у кого есть средства. А как показывает опыт, в богатых семьях редко рождаются большие спортивные таланты. Они чаще всего рождаются в таких семьях, где все трудятся изо дня в день, где дети это видят, с этим живут, сами не боятся трудиться. Спорт требует больших физических нагрузок, больших объемов работы. И, как правило, когда дети выросли в такой семье, они этого не боятся делать. Поэтому большая проблема в ограниченности, доступности спортивных школ.

– В разговоре с Вами мы не можем оставить без внимания лыжные гонки. Как Вы оцениваете конкуренцию в этом виде спорта сейчас?

– Ситуация в лыжных гонках, считаю, очень хорошая. Лыжные гонки – один из старых, традиционных видов в зиме. Имеет большую историческую память, богат на исторические события, больше 150 лет уже в олимпийском движении. Это база для зимних видов спорта. Сегодня есть большая конкуренция среди таких стран, как Россия, скандинавские страны, Финляндия, Норвегия, Швеция, Германия, Франция, США и Канада. Это те страны, которые всегда традиционно принимают участие в Олимпийских играх и практически всегда завоевывают медали. У нас в Казахстане тоже хорошие традиции. Наша первая олимпийская медаль в зимних видах спорта появилась в 1976 году именно в лыжных гонках. Иван Иванович Гаранин с Костаная завоевал две бронзовые медали. У нас очень много чемпионов мира среди юношей, юниоров в лыжных гонках были. Их очень много, они все с разных областей, есть и с Костаная, Кокшетау, Усть-Каменогорска, Семей. Много ребят у нас было, они дошли до Олимпийских игр и высших достижений в лыжных гонках. Это еще раз говорит о том, что у нас хорошие традиции и надо, конечно, развивать их дальше, не останавливая. И когда на Олимпийских играх страну представляют всего два лыжника (среди мужских команд – прим. ред.) и даже нет полной команды из-за того, что не завоевали квоты – за это очень обидно. Работа была проделана очень слабая в лыжных гонках

на этот раз. Поэтому нужно сделать правильные выводы и на следующее четырехлетие уже сегодня делать новый план, подбирать состав, ставить новые цели, задачи, уже работать на новое четырехлетие. Если все правильно подвести, всё можно изменить. Люди меняют всё – и направление, и спорт.

– Бытует мнение, что зимний спорт у нас делают «одиночки». Стоит ли продолжать искать такие таланты или все-таки делать акцент на массовость?

– Если сегодня мы будем выскивать, где «золотое зерно» лежит среди большой кучи, и если бы у него отметка такая была, это было бы идеально, так было бы проще всего. К сожалению, мир так не работает, мир работает через массовость. Массовость обязательно нужно развивать, и потом оттуда уже выскивать уже таланты, и под эти таланты привлекать определенных квалифицированных тренеров, которые смогут их в бриллиант превратить. Вот это и есть уже индивидуальная работа. А в начале – всегда должна лежать работа с массовым спортом, другой никакой работы нет. Просто ходить и думать, что «вот здесь вот звезда растет, я его возьму и завтра сделаю из него олимпийского чемпиона» – это наивно, и немного грустно даже, потому что сам по себе спорт не является самоцелью, чтобы сделать олимпийскую медаль. Нужно, наверное, немного развернуть понятие спорта. Нам спорт нужен, чтобы у нас вообще движение началось, чтобы люди полюбили спорт, чтобы люди с удовольствием приводили своих детей в спорт. Потому что спорт – это здоровье, а здоровье – это основа абсолютно всего. Это здоровые люди, здоровая экономика, здоровая политика, здоровая нация, здоровые мысли. С этого нужно начинать. И когда мы уже сможем раскрутить эту массовость, потом уже можно будет выскивать спортсменов, кто из них сможет защищать честь страны на чемпионатах мира и Олимпийских играх, и с ними начинать ту самую индивидуальную работу, потому что она только на конечном этапе нужна, на других этапах она абсолютно не нужна.

– Благодарим Вас за интервью!

Olympic.kz

ПРЕДСТАВЛЕН СОСТАВ КОМАНДЫ КАЗАХСТАНА НА ПАРАЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ В ПЕКИНЕ

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПАРАЛИМПИЙСКИЙ КОМИТЕТ ПРЕДСТАВИЛ СОСТАВ КОМАНДЫ, КОТОРЫЙ ВЫСТУПИТ ОТ КАЗАХСТАНА НА ПАРАЛИМПИАДЕ В ПЕКИНЕ, СООБЩАЕТ OLYMPIC.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ ПАРАЛИМПИЙСКОГО КОМИТЕТА КАЗАХСТАНА.

XIII Зимние Паралимпийские игры Beijing-2022 пройдут с 4 по 13 марта 2022 года, в нем примут участие более 700 спортсменов из 50 стран мира. В состав национальной паралимпийской сборной вошли 5 спортсменов: Александр Герлиц, Ербол Хамитов, Сергей Усольцев, Юрий Березин и Денис Петренко.

Паралимпийцы Казахстана будут выступать по двум видам спорта: пара лыжные гонки и пара биатлон.

«В этом году ситуация с COVID-19



помешала полноценному участию наших спортсменов по зимним паралимпийским видам спорта в Паралимпиаде. Во время подготовки к получению лицензий некоторым спортсменам не удалось пройти квалификационные раунды паралимпийского цикла. Изначально планировалось большее количество спортсменов. Но сейчас наша сборная едет не в полном составе. Наши паралимпийцы проделали огромную работу на пути к зимним играм. В любом случае само участие в паралимпиаде уже большое достижение. У наших ребят есть огромный потенциал, стремление к победе и непоколебимая вера в свои силы», – отметил президент Национального паралимпийского комитета РК Кайрат Боранбаев.

Церемония открытия игр пройдет 4 марта 2022 года в 22.00 по времени

Нур-Султана. Бронзовый призер Кубка мира по пара лыжным гонкам, мастер спорта международного класса Ербол Хамитов определен знаменосцем Паралимпийской сборной Казахстана в Пекине-2022.

«Сейчас национальная сборная Казахстана по пара лыжным гонкам находится в Алматинской области, у них идут учебно-тренировочные сборы перед паралимпиадой. Сборы проходят в карантинном режиме. Мы приняли все меры предосторожности по нераспространению коронавирусной инфекции Covid-19. Безопасное участие в зимних играх и здоровье наших спортсменов является для нас приоритетом. Состояние спортсменов отличное, настрой боевой» – отметил главный тренер сборной РК по пара лыжным гонкам Василий Коломенец.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ НҮРӘЛІ ӘЛІП «ЗЕНИТКЕ» АУЫСТЫ. НАҚТЫРАҚ АЙТҚАНДА, САНКТ-ПЕТЕРБУРГ КЛУБЫ «ҚАЙРАТТАН» ЖАЛҒА АЛАДЫ. ОТАНДАСЫМЫЗ ПОРТУГАЛИЯДА ӨТКЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫНДА ДАНИЯНЫҢ КОМАНДАЛАРЫНА ЕКІ ГОЛ СОҒЫП, МЕРГЕНДІК ТАНЫТТЫ. JAҚЫНДА ЖЕРЛЕСІМІЗ РЕСЕЙДІҢ «СПОРТ-ЭКСПРЕСС» ГАЗЕТІНЕ КӨЛЕМДІ СҰХБАТ БЕРДІ. СОЛ СҰХБАТТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫП, НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

НҮРӘЛІ ӘЛІП:



САНКТ-ПЕТЕРБУРГКЕ БІРНЕШЕ ҚАЛАНЫ АЙНАЛЫП ЖЕТтім

– Нүрәлі, «Зенитпен» екі бірдей жаттығу жиынына қатыстыңыз. Командадан алған алғашқы әсеріңізді айтып берсеңіз.
– Әсер керемет. Мұндағы атмосфера ұнайды. Жігіттерге де үйреніп қалдым.
– Кіммен көбірек сөйлесесіз?
– Барлығымен аздаған қарым-қатынас бар. Әрине, негізінен жергілікті ойыншылармен көбірек сөйлесеміз. Шетелдіктермен бір-екі ауыз тілдесіп қоямыз. Мысалы, бразилиялық Дуглас пен Малкомды айта аламын.

– Неліктен дәл осы екеуін атадыңыз?
– «Мидтьюлланд» командасымен жолдастық кездесудің алдында бізге Вагнер Лав келді. Екеуміз бұған дейін «Қайрат» сапында бірге ойнадық. Ол отандасы Дуглас пен Малкомға «Нүрәліге бас-көз болындар» деп айтты. Содан бері сөйлесіп тұрамыз.

– «Зенит» оқу-жаттығу жиындарына шақыратынын қайдан білдіңіз?
– 22 желтоқсан күні туған күнімді атап өттім. Дәл сол күні «Қайрат» клубының басшысы Қайрат Боранбаев хабарласты. Алдымен туған күніммен құттықтап, сосын жаңа жылда «Зенитке» баратынымды айтты. Сосын жыл басында қайта хабарласып, 4 немесе 5 қаңтарда ұшу керектігін жеткізді.

– Сол күндері Қазақстанда митингтер бас-талды емес пе?
– Иә, өте қорқынышты болды. Ол кезде туған жерім Ақтау қаласында болатынымын. Қайрат Боранбаев 11 қаңтарда Санкт-Петербургке бару керектігін айтты. Ал 13 қаңтарда медициналық тексерістен өту қажет екен. Ал әуежайлар жабық. Өйтеуір кейін Ақтаудың әуежайы ашылып, жолға шықтым. Алдымен Шымкентке ұштым, одан такси арқылы Алматыға жеттім. Қызығы, төлқұжатымды ұмытып кетіппім.

– Қалай?
– Басында төлқұжатымды Алматыға тастап кеткенімді маған ешкім айтқан жоқ. Чемпионат біткен соң Ақтауға ұшып кеткенмін. Қазақстанда жеке куәлікпен ұша беруге болады. Ал шетелге шыққанда төлқұжат керек. Алматыға Шымкенттен 8 сағатта таксимен жеттім. Төлқұжатымды алып, тағы бір таксимен Бішкекке бардым. Қазақстанның шекарасынан өткенде ешкім ештеңе демеді. Ал қырғыздар сұрақтың астына алды.

– Сонда не сұрады?
– «Митингке қатыстың ба?» деген сарындағы сұрақтар. Оның үстіне бізге кешкі 11-ге дейін үлгеру керек болды. Өйткені төтенше жағдайға байланысты коменданттық сағат жарияланған. Бішкекте бір түн қонып, Мәскеуге ұштым. Ол жақтан Питерге жеттім. Жалпы жолға екі күнім кетті.

– Туған-туыстарыңыз, достарыңыз митингтен зардап шекпеді ме?
– Ақтауда бейбіт митинг өтті. Құдайға шүкір, ешкімге ештеңе болған жоқ. Барлық таныстарым аман-есен. Алматыдағы достарым үшін алаңдағаным рас. Біреуімен хабарласып сұрағанымда, үйде отырғандарын айтты.

– Қазір Қазақстанда жағдай қалай?
– Бәрі қалпына келіп жатыр. Көліктер жүріп, ұшақтар ұша бастады. Дубайдағы оқу-жаттығу жиындарынан кейін Алматыға барып, бутсы және басқа да керек-жарақтарымды алып кеттім. Тек ПТР-тест сұрады.

**ИСПАНИЯ
ЛА ЛИГАСЫНДА
ОЙНАҒЫМ КЕЛЕДІ**

командаларының қақпасына гол соқтыңыз. Бірақ неге қуанбадыңыз?

– Қуаныш сезімін көрсеткім келмеді. Өйткені сынақта жүрмін. «Мидтьюлландқа» гол соққан соң, Вагнерді іздедім. Ол қақпаның артында жаттығып жүрген. Оған қолыммен үлкен жүректі көрсеттім. Яғни «Вагнер Love».

– Матчтан кейін Вагнер саған жейде сыйлағанын білеміз. Екеуіңіз осыншалықты жақсы араласасыздар ма?
– Ол «Қайратқа» 2020 жылы ауысты. Бірінші жаттығуда амандасып, «Май нейм из Кашадаго» деп айтқанмын.

– Бұл не мағына береді?
– «Кашадаго» португал тілінде «үлкен бас» деген мағынаны білдіреді. Мұны бір кездері маған Исаэл айтқан. Ол кезінде «Қайратта» ойнаған. Вагнерге менің осы лақап атым ұнап қалыпты. Естіген кезде күліп, үнемі солай атап жүреді.

– Шынымды айтсам, ол жағын білмеймін. Мен Құрбан Бердыевпен алғашқы оқу-жаттығу жиындарының қарсаңында телефон арқылы сөйлестім. Ол маған қорғаныста қалай ойнау керектігі жайлы өз кеңесін айтты: «Ештеңеден қорықпа, бірдене түсініксіз болса, бас бапкерден сұра. Ол да бөтен емес. Менің командамда ойнаған», деді. Дубайда жүргенімде ек-үш рет сөйлестік. Бердыев маған көмектесіп тұрды.

– Жалпы, бұл маманмен жарты жыл бірге жұмыс істедіңіздер. Құрбан Бердыевтың қандай артықшылығын байқадыңыз?
– Ол барлық нәрсенің бүге-шігесіне дейін мән береді. «Қайратта» Бердыевтың қорғанысқа бөлек көңіл бөлетін жаттығуы бар. Біраз уақытын соған арнайды. Іс жүзінде бәрін түсіндіреді. Жаттығуда қателессек, тоқтатып тастап ұрысады. Сондықтан үнемі бар күшінді салуға тура келеді.

– Жарты жылда қандай көмегі тиді?
– Допты қабылдағанша кімге беретіңізді ойлану керектігін үйретті.

АРШАВИН

– «Қайратта» Андрей Аршавинмен бірге ойнадыңыз. Қандай естеліктер қалды?
– Мен «Қайрат» сапындағы алғашқы ойынымды 2018 жылы өткіздім. Аршавин үшін сол жыл соңғы маусым болды. Ол мені қолдады. Жасы менен үлкен болғандықтан, жақын қарым-қатынас та болған жоқ. Бірақ сырт алаңдағы ойындарда екеуміз бір бөлмеде тұрдық. Аршавин менің өміріме қызығушылық танытып, өзі туралы да айтатын. Көп ақыл-кеңес берді. Бір мәрте жаттығу жиындарынан кейін неге өзімді прессинг жасайтын шабуылшы ретінде сынап көрмейтінімді сұрады.

– Осы жолы екеуіңіз кездестіңіздер ме?
– Жоқ. Бірақ телефон арқылы сәттілік тіледі. Өзі «Зенитте» жаңа қызметке тағайындалған. Сол туралы да айтты.

– Сергей Семакпен немесе бапкерлер штабындағы қызметкерлердің біреуімен жеке әңгімелестіңіз бе?
– «Мидтьюлландмен» кездесуден кейін Анатолий Тимошук екеуміз қонақ үйге бірге бардық. Ол жол бойы ноутбугын қосып, матчтағы қателіктерімді көрсетті. Біз ойынды жылдамдатып, толық көріп шықтық.

БЕРДЫЕВ

– Сергей Семакқа сіз туралы Құрбан Бердыев кеңес берді деген ақпарат бар. Бұл рас па?



12 ЖАСТАН ЖЕТІМ ӨСКЕН

– «Зениттің» оқу-жаттығу жиындарына қатысуыңыздың өзі Қазақстанда үлкен резонанс тудырды. Осыншалықты қызығушылық тудырады деп күттіңіз бе?
– Екі жыл бұрын «Зениттің» оқу-жаттығуына Бауыржан Исламхан да қатысып көрген. Сол кезде Қазақстанның туын ұстап отырғандар көп болды. Бізде футболды жақсы көреді.

– Каспий жағасындағы Ақтауда дүниеге келген екенсіз. Неліктен футболды таңдадыңыз?
– Әкем тірі кезінде еркін күреске берген. Ол кезде 8 жаста болатынымын. Үйде жата берген соң, әкем бірденемен айналысқанымды қалады. Үйдің қасында футбол алаңы болды. Сол жерде балалармен доп тебетінбіз. Әкем менің футболға қызығушылығым жоғары екенін байқап, футбол үйірмесіне ауыстырды. 10 жасымда әкемнен айырылдым. Арада екі жыл өткенде анамның жүрек талмасы ұстап, дүниеден өтті. Қандай қиындық басымнан өтсе де футболмен жаттыға бердім. Арада үш жыл өткенде, 2015 жылы үш баланы «Қайратқа» шақырды. Бір апта уақыт берді. Екеуміз қабылданып, біреуі кері қайтты.

– Тағдырыңыз оңай емес. Ата-ананыңдыздың орнын кім басты? Кім қолдау көрсетті?
– Аға-жеңгеммен бірге тұрдым. Менің екі әкем бар. Олар тұрмысқа шығып кеткен. Жеңгем күн сайын көмекші мұғалім шақыртып, оқуыма көмектесті. Өйткені футболда жүріп, сабақтарға қатыса алмайтынмын. Сосын алғашқы бапкерім Ержан Жамбыровтың еңбегі ерен. Бутсы алуға ақшам болмағанда алғаш сыйлаған да сол кісі.

ЛА ЛИГАДА ОЙНАҒЫСЫ КЕЛЕДІ

– Алғашқы бапкеріңіз Ержан Жамбыров бала күнінде шабуылшы болғаныңызды айтты...
– Бала кезде қай қапталда нақты ойнайтынды білмейсің ғой. Екі-үш жыл шабуылшы болдым. «Қайратқа» барғанымда басында орталық қорғаушы ретінде ойнадым. Кейін бір турнирде орталық қорғаушымыз жарақат алып, орнына мені қойды. Сол матчта жақсы ойнадым. Команда 1:0 есебімен жеңіске жетті. Кейін дубльге қабылданғанда орталық қорғаушы ретінде алды.

– Өзіңіз солақай екенсіз? Қандай жүйеде ойнаған ыңғайлы?
– Шынын айтқанда, айырмашылық жоқ. Үш қорғаушымен ойнағанда маған көп күш түседі. Өйткені сол қапталдағы вингерге көмекке келуім керек. Ал төрт қорғаушымен ойнағанда барлығы қалыпты. Соған үйренгенмін. Құрбан Бердыев үш қорғаушымен ойнайды. Маған біраз нәрсе көрсетті.

– «Зенит» сізді жалға алады. Әрі қарай не болмақ? Арманыңыз қандай?
– Үнемі жұмыс істеу керек. Егер бәрі сәтті болып жатса – жақсы. Ал болмай жатса – ештеңе етпейді. Әрине, шетелде ойнағым келеді. Сүйікті чемпионатым – Испания примерасы. Бірақ сүйікті клубым жоқ.

Дайындаған – Бек ТӨЛЕУ

МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Заңғар КЕРІМ – Бас редактор
Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ҒАЛЫМ – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Байланыс тел.: +77023840194
Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202
• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан Қайғы көшесі, 73-үй.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Жазылу индексі – 64190
• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.

• Тапсырыс – 216 • Таралымы – 3085 дана